

БЕКІТЕМІН
«Тайтобе ауылының
ЖОББМ» КММ директоры
Г.С.Алиева *Ж.С.Алиева*
«09» 09 2026 жыл

КІТАПХАНАШЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Кітапхана қорын жинақтауға, өңдеуге, каталогтарды (оның ішінде электронды каталогтарды) және басқа да кітапханалық-анықтамалық аппараттардың элементтерін ұйымдастыруға қатысады.
- Оқырмандарға қызмет көрсету, кітап берілімін тіркеу және қордың сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын тікелей атқарады.
- Кітапхананың ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарына, педагогтар мен білім алушыларға кітапханалық қызмет көрсету жоспарын әзірлеуге және іске асыруға қатысады.
- **ҰБДҚ (Ұлттық білім беру деректер қоры)** ақпараттық жүйесіндегі кітапхана бөліміне деректерді уактылы енгізуге көмектеседі.
- «**www.oqulyqtar.kz**» білім беру порталында орналасқан «Оріс» электронды оқулықтарымен оқырмандарды таныстырып, олармен жұмыс жасауға көмек көрсетеді.
- Кітапханалық процестерді автоматтандыру мақсатында электрондық кітапхана бағдарламаларын қолданады, «**Bilim Class**» жүйесі арқылы сынып жетекшілерімен оқулықтардың берілуі/қайтарылуы бойынша байланыста болады.
- Мектептің білім беру бағдарламаларына сәйкес кітапхана қорын дәстүрлі баспа және электронды оқулықтармен, педагогикалық және көркем әдебиеттермен толықтыруға өтінімдер дайындауға атсалысады.
- Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту мақсатында әдеби кештер, кітап шолуларын ұйымдастырады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын.
- Кітапхана жұмысының негіздерін; библиографияны, кітапханалық-технологиялық үрдістерді; оқырмандармен жеке және жалпы жұмыстың түрлерін, әдістерін.
- Педагогика, психология негіздерін; еңбек және техника қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман үшін: жоғары педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары білім.
- Біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ маман үшін: бейіні бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта) білім.
- Санатты алу үшін (екінші, бірінші): мектеп кітапханашысы қызметіндегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл болуы шарт.

Таныстым: _____

Ж.С.Алиева *Мусусова З.О.*